

"Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға құқықтарды, сондай-ақ оларға құқықтарды куәландыратын құжаттардың нысандарын мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 409 бүйрүғына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 31 шілдедегі № 596 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 31 шілдеде № 19143 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е ск е р т п е с і !

Осы бүйрүқ 01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға құқықтарды, сондай-ақ оларға құқықтарды куәландыратын құжаттардың нысандарын мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 409 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15553 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 27 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды, мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бүйрүқпен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары осы бүйрүққа қосымшаға сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрүқты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрүқ мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2019 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрі

P. Склар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэрогарыш өнеркәсібі
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрія және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы 31 шілдедегі
№ 596 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2017 жылғы 30 маусымдағы
№ 409 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының талаптарына сәйкес әзірленген және азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Осы қағидалар, сонымен қатар азаматтық авиация саласындағы уәкілетті үйымымен есепке алуға жататын үшқышсыз ұшу аппараттарына қатысты қолданылады

3. Азаматтық әуе кемесі оның меншік иесінің (иеленушінің) немесе оны пайдаланушының өтініші бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тек қана мынадай шартпен, егер:

- 1) әуе кемесі басқа мемлекетте тіркелмеген болса;
- 2) әуе кемесінің иесі немесе пайдаланушысы Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғасы болып табылса;
- 3) әуе кемесі типінің сертификатын немесе соған ұқсас басқа құжатты азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган) берсе немесе жарамды деп таныса тіркеледі.

4. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген кезден бастап азаматтық әуе кемесі Қазақстан Республикасының ұлттық тиесілігін алады.

5. Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік әуе кемесінің бортында болады.

6. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген азаматтық әуе кемесі Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде де, сол сияқты одан тысқары жерде де ұшуга жіберіледі.

7. Осы қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;
- 2) азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі – Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) – уәкілетті ұйым (немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган) берген азаматтық әуе кемесінің Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің Мемлекеттік тізіліміне енгізілгенін растайтын белгіленген үлгідегі құжат;
- 3) әуе кемесін тіркеуден алып тастау – оның пайдасына қайтарып алынбайтын өкілеттік берілген тұлғаның өтініші бойынша әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығару;
- 4) борышкер – Қайтарып алынбайтын өкілеттікті берген әуе кемесінің пайдаланушысы немесе меншік иесі;
- 5) меншік иесі (иеленуші) – меншік құқығында немесе өзге де заң негізdemelerinde әуе кемелерінің иесі болып табылатын Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары;
- 6) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің Мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі – Мемлекеттік тізілім) – Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелеріне, оларға арналған құқықтарға мемлекеттік тіркеу жүргізетін құжат;

7) қайтарып алынбайтын өкілеттік - Жылжымалы жабдыққа қатысты халықаралық кепілдіктер туралы конвенцияға авиациялық жабдық жөніндегі хаттамаға сәйкес азаматтық әуе кемелерін Мемлекеттік тізілімнен шығаруға (тіркеуден алып тастауға) және әуе кемесін әкетуге талап қою құқығы оның пайдасына берілген, занды және жеке тұлғалардың өкілеттігі;

8) өтініш беруші – азаматтық әуе кемесінің иесі (меншік иесі) немесе пайдаланушысы болып табылатын жеке немесе занды тұлғасы;

9) пайдаланушы – азаматтық әуе кемелерін пайдаланумен немесе осы салада қызмет көрсетумен айналысатын жеке немесе занды тұлға;

10) пилотсыз ұшу аппараты – бортында пилотсыз (экипажсыз) ұшуды орындайтын және ұшуда оператор басқару пунктінен автоматты түрде немесе көрсетілген тәсілдерді үйлестіре отырып басқаратын әуе кемесі.

11) тіркелген халықаралық кепілдік – Халықаралық тіркелімге ол туралы жазба енгізілген әуе кемесіне қатысты кредитордың тиісті құқығы;

12) Уәкілетті тарап – оның пайдасына қайтарып алынбайтын өкілеттік берілген тұлға;

13) Халықаралық тіркелім – Кейптаун конвенциясына және Авиациялық хаттамаға сәйкес, кредиторлардың әуе кемелеріне құқықтарын тіркеу үшін құрылған халықаралық тіркеу қызметі.

2-тaraу. Азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібі

8. Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу кезінде өту үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға www.egov.kz, www.license.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшасына сәйкес азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеуге нысан бойынша өтінімнің электрондық көшірмесі;

2) құрылтайшылық құжаттың (занды тұлғалар үшін) электрондық көшірмесі немесе жеке басты куәландыратын құжат (шетелдік жеке тұлғалар үшін).

Жеке және занды тұлға Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда құжаттардың электрондық көшірмесі нотариалды куәландырылған түрде ұсынылады;

3) сату-сатып алу шартының электрондық көшірмесі нотариалды куәландырылған түрде, немесе меншік құқығын растайтын өзге де құжатты (шетелдік жеке және занды тұлғалар үшін);

4) жалдау, лизинг, мұліктік жалдау шартының электрондық көшірмесі нотариалды куәландырылған түрде, әуе кемесін пайдалану құқығын растайтын өзге де құжатты;

5) азаматтық әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісінің электрондық көшірмесі;

6) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемелерінің техникалық жай-күйін тексеру актісінің электрондық көшірмесі;

7) азаматтық әуе кемесін жасап шығарушымен берілген, оның ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігін қуәландыратын үлгі сертификаты немесе оның балама құжатының электрондық көшірмесі;

Келесі құжаттар болған жағдайда ұсынылады:

1) азаматтық әуе кемесінің мемлекеттік авиация тізілімінен немесе шет мемлекеттің азаматтың әуе кемелерінің тізілімінен шыққанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

2) ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатының электрондық көшірмесі;

3) әуе кемесін қайта жабдықтау туралы құжаттың электрондық көшірмесі;

4) өндіруші-зауытпен берілген әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы уақытша қуәлігінің электрондық көшірмесі;

Құжаттамасын тексеру және әуе кемесін қарап тексеру бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша уәкілетті ұйым авиация инспекторы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісін (бұдан әрі – бағалау актісі) құрастырады.

9. Осы Қағиданың 8-тармағының 3) және 4) тармақшаларында аталған құжаттар сот актісінен басқа уәкілетті ұйымға мемлекеттік және/немесе орыс және/немесе ағылшын тілдерінде (ресми аудармасымен бірге) берілуге тиіс.

10. Әуе кемесіне ортақ меншік құқығындағы үлесін осы меншіктің қатысуышы болып табылмайтын тұлғага сатқан кезде, мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке үлесін сатушы үlestік меншіктің қалған қатысуышыларын мұндай сатуға жазбаша нысанда келісімін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Мемлекеттік тіркеу кезінде өтініш беруші уәкілетті ұйымға тіркеліп жатқан азаматтық әуе кемесінде ауыртпалық жоқтығын еркін жазбаша түрде растайды.

11. Ұсынылған құжаттар негізінде уәкілетті ұйым азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тізілімге енгізеді және тағайындауына байланысты әуе кемесіне мына атаулардың бірі беріледі:

- 1) жолаушылар;
- 2) көліктік;
- 3) айырбасталымды;
- 4) жүк-жолаушылар;
- 5) арнайы қолдану;
- 6) санитарлық;
- 7) оқу-жаттығу.

12. Жалпы тағайындаудағы авиация (ЖТА) мақсаты пайдаланушының өтінішінде көрсетілген жағдайда, Пайдаланушы бағанында "ЖТА" абревиатуrasesы енгізіледі.

13. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тізлімге мемлекеттік тіркеу үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" (бұдан әрі – Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы кодексімен анықталған мөлшерде және тәртіппен алым төленеді.

Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу аталған алым мемлекет бюджетіне төленгеннен кейін жүргізіледі.

14. Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеуді уәкілетті ұйым осы Қағидалардың 8 -тармағында көзделген құжаттар келіп түсken күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Ал қызметтер кешенді түрде көрсетілгенде, уәкілетті ұйым әуе кемесінің шуыл бойынша сертификаты және радиохабар тарату аппаратурасын пайдалануға рұқсат портал арқылы келіп түсken күннен бастап 25 (жиырма бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Шуыл бойынша сертификаты және радиохабар тарату аппаратурасын пайдалануға рұқсат портал арқылы келіп түсken күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді

Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу кезінде шуыл бойынша сертификат және радиохабар тарату аппаратурасын пайдалануға рұқсат Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндептін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандығы № 198 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларына сәйкес беріледі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 12073 болып тіркелген).

15. Мемлекеттік тіркеу мынадай жағдайларда бас тартылады, егер:

- 1) әуе кемесі ұшуга жарамдылық талаптарына сәйкес келмесе;
- 2) көрсетілетін өтініш берушінің көрсетілетін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;
- 3) көрсетілетін өтініш берушінің және (немесе) қажетті ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы Қағидамен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі ;
- 4) көрсетілетін өтініш берушіге қатысты оның қызметіне немесе көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы сottың занды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;
- 5) көрсетілетін өтініш берушіге қатысты сottың занды күшіне енген үкімінің болуы , оның негізінде көрсетілетін өтініш берушінің көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.

16. Ұсынылған құжаттардың осы Қағиданың талаптарына сәйкес болған кезде азаматтық әуе кемесі туралы мәліметтер Мемлекеттік тізлімге енгізіледі және өтініш

берушіге осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 5 (бес) жылға немесе жалдау шартының мерзіміне нысан бойынша Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік беріледі.

17. Мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктен қате табылған болмаса жіберілген қателік туралы өтініш түскен жағдайда уәкілетті ұйым 3 (үш) жұмыс күні мерзімінде түзетулер енгізеді.

18. Уәкілетті ұйым алғашқы рет Мемлекеттік тізілімге жаңа үлгідегі әуе кемесін енгізген жағдайда, ол осы әуе кемесін шығарған мемлекетке оны Мемлекеттік тізілімге енгізгені туралы жазбаша түрде 15 (он бес) жұмыс қун ішінде хабарлайды.

19. Мемлекеттік тізілім есепке алынатын кесте параптарынан, оның ішінеге әуе кемелері туралы ақпарат енгізілген, яғни тіркеу арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық тиесілігі меншіктелген, сондай-ақ қосымша ақпараттан тұратын құжат болып табылады.

Мемлекеттік тізілімді жүргізу осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті ұйым қағаз түрінде жүрзеге асырады. Тиісті қорғалған бағдарламалық өнім болған жағдайда Мемлекеттік тізілім қайталау мүмкіндігімен электронды тасығыштарда жүргізіледі. Қағаз және электронды тасығыштардағы жазбалар арасында сәйкесіздіктер болса қағаз тасығыштағы жазба басым болады.

20. Уәкілетті ұйым әрбір әуе кемесіне әуе кемесін мемлекеттік тіркеуге негіз болған құжаттардан, сол сияқты берілген Мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік көшірмесінен тұратын іс қалыптастырады және бұл Мемлекеттік тізілімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

21. Азаматтық әуе кемесінің ісі оны пайдалану мерзімі ішінде сақталады және оны Мемлекеттік тізілімнен шығарғаннан кейін бір жылдан соң мұрағатқа тапсырылады. Одан қандай да бір құжаттарды не оның бөліктерін жоюға немесе алуға тыйым салынады.

22. Мемлекеттік тізілімге енгізілген азаматтық әуе кемесінің меншік иесі (иеленушісі) және пайдаланушысы барлық азаматтық әуе кемесінің иелік құқығы және басқа құқықтардың өзгерістері, сондай-ақ осы құқықтарға ауыртпалықтар, қайтарымсыз өкілеттікті беру, жалға алу шартының өзгеруі, төтенше жағдайлардың, жоғалу, азаматтық әуе кемесінің ақаулығы осындай өзгерістерді айқындау сәтінен бір айдың ішінде уәкілетті ұйымға хабарлайды.

23. Мемлекеттік тізілімге өзгеріс енгізу және мемлекеттік тіркеу туралы мынадай жағдайларда уәкілетті ұйымға портал арқылы жүзеге асырады:

- 1) азаматтық әуе кемесінің меншік иесі (иеленушісі) өзгерген жағдайда;
- 2) азаматтық әуе кемесі пайдаланушысы өзгерген жағдайда;
- 3) азаматтық әуе кемесінің қайта жабдықталуына байланысты оның қызметі өзгерген жағдайда.

24. Азаматтық әуе кемесінің иесі және/немесе пайдаланушысы өзгерген кезінде өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеуге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеуге нысан бойынша өтінімнің электрондық көшірмесі;

2) құрылтайшылық құжаттың (шетелдік занды тұлғалар үшін) электрондық көшірмесі немесе жеке басты қуәландыратын құжат (шетелдік жеке тұлғалар үшін);

3) сату-сатып алу шартының электрондық көшірмесі немесе сот шешімі немесе меншік құқығын растайтын өзге де құжат;

4) жалдау, лизинг, мүліктік жалдау шартының, әуе кемесін пайдалану құқығын растайтын өзге де құжаттың электрондық көшірмесі, сондай-ақ бұрынғы пайдаланушымен келісімшарт қатынасы тоқтатылуының негізі;

5) азаматтық әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісінің электрондық көшірмесі.

25. Егер азаматтық әуе кемесінің иесі және пайдаланушысы жалға алу (лизинг) нәтижесінде әртүрлі мемлекеттерде болғанда, онда азаматтық авиация сының уәкілетті органдары арасындағы ұшу жарамдылығына, азаматтық әуе кемесін қауіпсіз пайдалануды бақылау ұйымына қатысты жауапкершілігі тіркеледі.

26. Азаматтық әуе кемесін қайта жабдықтағаннан кейін қызметі өзгеруіне байланысты өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеуге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеуге нысан бойынша өтінімнің электрондық көшірмесі;

2) азаматтық әуе кемесін қайта жабдықтауға құқық беретін құжаттың электрондық көшірмесі;

3) азаматтық әуе кемесін қайта жабдықтау туралы жасалған жұмыстардың актісінің электрондық көшірмесі;

4) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемелерінің техникалық жай-күйін тексеру актісінің электрондық көшірмесі;

5) құрылтайшылық құжаттың (шетелдік занды тұлғалар үшін) электрондық көшірмесі немесе жеке басты қуәландыратын құжаттың (шетелдік жеке тұлғалар үшін) электрондық көшірмесі.

27. Ұсынылған құжаттарды қарau оң нәтижелері кезінде, өтініш берушінің барлық қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйым мемлекеттік тізілімге өзгеріс енгізеді және өтініш берушіге азаматтық әуе кемесінің тіркелген күні туралы толтырылған белгілер белгіленген осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысандағы мемлекеттік тіркеу туралы куәлік береді.

28. Азаматтық әуе кемесі мынадай жағдайларда Мемлекеттік тізілімнен:

1) әуе кемесі есептен шығарылған немесе пайдаланудан алып тасталған;

2) әуе кемесі шет мемлекетке, шетелдік жеке немесе занды тұлғаға сатылған немесе берілген;

3) азаматтық әуе кемесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясы әуе кемелерінің тізілімінде немесе шет мемлекеттердің тізілімінде тіркелген;

4) мемлекеттік әуе кемесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тізілімінде тіркелген;

5) әуе кемесі хабарсыз жоғалып кеткен деп танылған;

6) қайтарылмайтын өкілеттікті атқарған жағдайларда шығарылады.

29. Азаматтық әуе кемелерін Мемлекеттік тізілімнен шығарған кезде (әуе кемесін тіркеуден шығару жағдайларын қоспағанда) өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімнің электрондық көшірмесі;

2) әуе кемесінің меншік құқығының шет мемлекетке (жеке, занды тұлғаға) өткендігін растайтын құжат немесе әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығаруға мүмкін жағдайлар қарастырған өзге де құжат немесе олардың электрондық көшірмелері;

3) меншік иесі Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда жеке тұлғаның тұлғаны куәландыратын құжаттарының немесе өтініш иесі – Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасының (куәлік) электрондық көшірмесі;

4) әуе кемесі кепілде тұрған жағдайда кепіл ұстаушының оның тізілімнен шығарылуына жазбаша келісімінің электрондық көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 9 наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6868 болып тіркелген) әуе кемелерін есептен шығару қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептен шығарып тастау актісінің электрондық көшірмесі (әуе кемесі есептен шығарылған кезде);

6) әуе кемесін кәдеге жарату туралы құжаттардың электрондық көшірмесі немесе олардың көшірмелері (әуе кемесі есептен шығарылған кезде);

7) әуе кемесінен айырым белгілерді алып тастау туралы актісінің электрондық көшірмесі және оны растайтын фотосуреттер (әуе кемесін есептен шығару жағдайларын қоспаған кезде).

30. Айырым белгілерді алып тастау туралы актісі әуе кемесінің иесі немесе пайдаланушысы және әуе кемесінің тұрақтау әуеайлағының өкілі кіретін комиссия мүшелерінің қол қоюы арқылы еркін нысанда жазылады.

31. Мемлекеттік тізілімнен шыққанға дейін Мемлекеттік тізілімнен шығуы туралы қуәлікті (бұдан әрі – Шығу туралы қуәлік) уәкілетті ұйым:

1) әуе кемесінен мемлекеттік және тіркеу-айырым белгілері алып тасталғандығын растау мақсатында тексеруді;

2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұрын берген құжаттардың түпнұсқаларын қайтаруді;

3) әуе кемесінің мекенжайының жойылғандығы фактісін тексеру жүзеге асырады.

32. Егер әуе кемесі Пайдаланушы сертификатының (Авиациялық жұмыстарды орындау куәлігінің) қосымшасына енгізілген жағдайда ол Мемлекеттік тізілімнен осы әуе кемесі Пайдаланушы сертификатының (Авиациялық жұмыстарды орындау куәлігінің) қосымшасынан шығару рәсімі аяқталғанға дейін шығарылмайды.

33. Ұсынылған құжаттар сәйкес болған жағдайда уәкілетті ұйым өтініш берушіге осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тізілімнен Шығуы туралы куәлікті береді.

34. Әуе кемесі Мемлекеттік тізілімнен шыққаннан кейін Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік және оған қатысты Мемлекеттік тізілімде жасалынған барлық жазбалар құшін жояды.

35. Кепілде тұрған әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығару үшін кепіл ұстаушының оның тізілімнен алып тасталуына жазбаша келісімі қоса беріледі.

Егер кепіл халықаралық кепілдіктермен тіркелмеген болса, бұл тармақ әуе кемесін тіркеуден шығару кезінде қолданылмайды.

36. Уәкілетті ұйым әуе кемесіне кепілге мемлекеттік тіркеуді жүргізеді. Әуе кемесіне кепіл туралы шартты мемлекеттік тіркеу үшін әуе кемесінің кепілге беруші және кепіл ұстаушы өтініштен өзге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) азаматтық әуе кемесінің кепілі немесе ипотеканы тіркегені үшін алым төленгендігін растайтын құжаттың қөшірмесі;

2) азаматтық әуе кемесінің кепілі немесе ипотекасы туралы шарттың және оған қосымша келісім-шартының З данада қөшірмесі;

3) құрылтайшылық құжаттың (шетелдік занды тұлғалар үшін) қөшірмесі немесе жеке басты куәландыратын құжат (шетелдік жеке тұлғалар үшін).

37. Ұсынылған құжаттар сәйкес болған жағдайда уәкілетті ұйым кепіл туралы шартты және/немесе оған қосымша келісімшарттарының мемлекеттік тіркеуін жүзеге асырады ады.

38. Уәкілетті ұйым Қайтарып алынбайтын өкілеттіктерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады. Қайтарып алынбайтын өкілеттікті тіркеу үшін пайдаланушы немесе иесі өтініштен басқа мынадай құжаттарды тапсырады:

1) қайтарып алынбайтын өкілеттікті тіркеуге алым төленгенін растайтын құжаттың қөшірмесі;

2) қайтарып алынбайтын өкілеттіктің нотариалды расталған қөшірмесі;

3) құрылтайшылық құжаттың (шетелдік занды тұлғалар үшін) қөшірмесі немесе жеке басты куәландыратын құжат (шетелдік жеке тұлғалар үшін).

39. Ұсынылған құжаттар сәйкес келген жағдайда уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемесін тіркеуден шығаруға және әкетуге Қайтарып алынбайтын өкілеттікті тіркейді.

40. Тіркелген Қайтарып алынбайтын өкілеттік бар болған жағдайда, Уәкілетті тарап немесе сенімхаттың негізінде әрекет ететін оның өкілі (бұдан әрі – өкілетті өкіл) әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығаруды және әуе кемесін әкетуді талап етуге құқылы жалғыз адам болып табылады. Уәкілетті тарап немесе оның өкілі осындай әрекеттерді тек Қайтарып алынбайтын өкілеттікке және ұшу қауіпсіздігі туралы нормативтік ережелерге сәйкес жасайды.

41. Қайтарып алынбайтын өкілеттікті борышкер Уәкілетті тараптың жазбаша келісімінсіз қайтарылуы мүмкін емес. Уәкілетті ұйым Қайтарып алынбайтын өкілеттікті Мемлекеттік тізілімнен Уәкілетті тараптың жазбаша келісімінің болуы жағдайында ғана шығарады.

42. Уәкілетті ұйым әуе кемесін тіркеуден шығару және әкету туралы өтінішті Уәкілетті тарап мынадай құжаттарды тапсырған кезде қанағаттандырады:

1) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта тіркеу туралы өтініш;

2) Қайтарып алынбайтын өкілеттік немесе оның нотариалды расталған көшірмесі;

3) Уәкілетті тараптың тіркелген кепілдігінің алдында кезектілік тәртібімен есепте тұрған барлық тіркелген халықаралық кепілдіктердің қанағаттандырылуының растамасы (Халықаралық тіркелім берген сертификат немесе осындай халықаралық кепілдіктердің барлық иелерінің жазбаша растамасы нысанында) немесе халықаралық кепілдіктердің барлық иелерінің тіркеуден шығаруға және әкетуге жазбаша келісімі;

4) мұдделі адамдардың 10 (он) жұмыс күні бұрын жазбаша тұрде алдын ала хабарландырылуының растамасы (егер Уәкілетті адам сот актісінің негізіндеғіден басқаша тіркеуден шығаруға және әкетуге әрекет етсе);

5) әуе кемесінен таным белгілерін алып тастау туралы актісі және оны растайтын фотосуреттер;

6) құрылтайшылық құжаттың (шетелдік занды тұлғалар үшін) көшірмесі немесе жеке басты куәландыратын құжат (шетелдік жеке тұлғалар үшін).

43. Құжаттарды қарau он нәтижелері кезінде уәкілетті ұйым Уәкілетті тарапқа 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес әуе кемесін шығару туралы куәлік береді.

44. Тану белгілерін алып қою туралы акті ерікті нысанда жасалады, құрамына Уәкілетті тарап немесе оның өкілетті өкілі, әуе кемесінің иесі немесе пайдаланушысы және әуе кемесі орналасатын аэродромның немесе өзге бөтен ұйымның өкілі кіретін комиссияның мүшелері қолдарын қояды. Қайтарып алынбайтын өкілеттікті берген әуе кемесінің меншік иесі немесе пайдаланушысы комиссияға қатысадан немесе актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, акт оның қатысуынсыз жасалады және қол қойылады.

45. Уәкілетті ұйым әуе кемесінің қайта тіркеуі туралы хабарламаны Қайтарымсыз өкілеттікті берген әуе кемесінің иесіне немесе пайдаланушысына жібереді. Қайтарымсыз өкілеттікті берген меншік иесі немесе пайдаланушы хабарламаны алған кезден бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде уәкілетті ұйымына мынадай құжаттарды береді:

- 1) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
- 2) азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификаты;
- 3) жергілікті жердегі шуылдар жөніндегі сертификат;
- 4) радиостанцияға рұқсат.

3-тaraу. Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің Мемлекеттік және тіркеу айырым белгілерін тағайындау тәртібі

46. Азаматтық әуе кемесін Мемлекеттік тізілімге мемлекеттік тіркеу кезінде оған азаматтық әуе кемесіне тағылатын айырым белгілері тағайындалады.

47. Айырым белгісінсіз азаматтық әуе кемесінің ұшуларына жол берілмейді.

48. Азаматтық әуе кемесінің конструкциясының элементтеріне тағылатын айырым белгілері осы кеменің Мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінде көрсетілген белгіге парапар болды.

49. Айырым белгілері жерде де, әуеде де айқын және көрнекі болуға тиіс.

50. Айырым белгілері айыруы қыын немесе осы Қағидалардың талаптарына сәйкес болмаған әуе кемелерінде ұшуларды орындау рұқсат етілмейді.

51. Екінші шолу радиолокаторының "S" режимімен жұмыс істейтін жабдықпен жарақталған және тану құрылғысы бар азаматтық әуе кемесіне мемлекеттік тіркеу кезінде әуе кемесінің 24-биттік адресі беріледі.

Әуе кемесінің мекенжайының диапазоны 01101000011000000000001 - 01101000011001111111111 бит болып табылады.

52. Әуе кемелеріне мекенжайлар мынадай қағидаттарға сәйкес тағайындалады:

- 1) бір және сол 24 биттік код бірден артық әуе кемесіне тағайындалуы мүмкін емес;
- 2) әуе кемесіне борттағы жабдықтарының жиынтық байланыссыз тек қана бір 24 биттік код тағайындалады;
- 3) 24 биттік код тек қана әуе кемесінің тіркеу мемлекеті өзгерген жағдайда ғана ауысады және ұшу уақытында ешқашан өзгермейді;
- 4) әуе кемесінің тіркеу мемлекеті өзгерген жағдайда тағайындалған алғашқы мекенжайы жойылады және жаңа тіркеу үәкілетті ұйымымен жаңа мекенжай беріледі;
- 5) 24 биттік код әуе кемесін анықтау мақсатында тағайындалады және ол қандай да бір нақты ақпаратты жіберу үшін пайдаланылмайды;
- 6) әуе кемелеріне тек қана 24 нөлден немесе 24 бірліктен тұратын мекенжай тағайындалмайды;

7) уәкілетті ұйымының беретін нақты нөмірін есепке ала отырып, әуе кемесіне мекенжай тағайындалады. Ондық жүйеде жазылып тағайындалған нөмір екілік есептеуге аударылады және ИКАО бөлгөн 10 разрядтағы бос орынға енгізіледі.

53. Әуе кемесінің пайдаланушысы уәкілетті ұйымының талабы бойынша әуе кемесінің борттағы жабдығында орнатылған 24 биттік мекенжайды көрсетеді.

54. Әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығарған кезде әуе кемесінің мекенжайы жойылады, ол туралы тиісті жазу жазылады.

Егер Мемлекеттік тізілімнен шығарылатын әуе кемесінде "S" режимімен жұмыс істейтін қабылдау құрылғысы орнатылған болса, онда әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығарап алдында пайдаланушы әуе кемесінің тиісті борттық жабдығынан мекенжайы жойылғандығы туралы уәкілетті ұйымға хабарлайды.

55. Пайдаланушы уәкілетті ұйымының талабы бойынша борттық жабдықтан әуе кемесінің мекенжайының жойылғандығы фактісін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

4-тарау. Ұшқышсыз ұшу аппараттарын есепке алу тәртібі

56. Ең жоғарғы ұшу массасы 1,5 кг асатын ұшқышсыз ұшу аппараттарын есепке алуға жатады.

57. Ұшқышсыз ұшу аппараты есепке алынған жағдайда уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес 5 (бес) жылға немесе жалдау шартының мерзіміне нысан бойынша ұшқышсыз ұшу аппаратын есепке қою туралы куәлік беріледі.

58. Ұшқышсыз ұшу аппараттарын есепке алушы уәкілетті ұйымымен арнайы журналда жүргізеді. Ұшқышсыз ұшу аппараттарын есепке алу нөмірлері олардың ұшқышсыз ұшу аппараттарын есепке алу журналындағы реттік нөмірлеріне сәйкес келуге тиіс.

Ұшқышсыз ұшу аппараттарын есепке алу тізілімін жүргізу осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз түрінде жүргізіледі. Тиісті корғалған бағдарламалық өнім болған жағдайда Мемлекеттік тізілім қайталау мүмкіндігімен электронды тасығыштарда жүргізіледі. Егер қағаз және электронды тасығыштардағы жазбалар арасында сәйкесіздіктер болса қағаз тасығыштағы жазба басым болады.

59. Ұшқышсыз ұшу аппараттарын есепке алу, сонымен бірге есептен шығару мерзімі 30 (отыз) жұмыс күнін құрайды.

60. Пайдалану мақсатында ұшқышсыз ұшу аппараттарын алушы тұлғалар уәкілетті ұйымға ұшқышсыз ұшу аппараттарын есепке алу өтінішімен бірге мынадай құжаттарды тіркей отырып ұсынады:

- 1) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) құрылтайшылық құжаттың (занды тұлғалар үшін) көшірмесі немесе жеке басты куәланыратын құжат (шетелдік жеке тұлғалар үшін).

жеке және занды тұлға Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда құжаттар нотариалды куәландырылған түрде ұсынылады;

3) сату-сатып алу шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі, сот шешімі немесе меншік құқығын растайтын өзге де құжат;

4) жалдау, лизинг, мұліктік жалдау шартының, ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалану құқығын растайтын өзге де құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) ұшқышсыз авиациялық жүйенің мінездемелерінің сипаттамасымен дайындаушының құжаты (барынша жоғарғы ұшу массасы, барынша жоғарғы жылдамдығы, барынша жоғарғы ұшу биіктігі, басқару каналы, ұшу қашықтығы, басқару қашықтығы);

6) ұшу аппаратының ұлгісі және нөмірі (паспорты), қозғалтқышының және станцияның сыртқы ұшқышының (паспорты);

7) Азаматтық әуе кемесін жасап шығарушымен берілген, ұлгі сертификатының немесе оған баламалы құжат көшірмесі;

8) Ұшқышсыз ұшу аппараттарының шет мемлекеттің есебінен шығару күлігі (егер ұшқышсыз ұшу аппараттары басқа мемлекеттің тізілімінде болған жағдайда)

9) Тіркеліп жатқан ұшқышсыз ұшу аппаратында әскери және тындалу жабдығы жоқтығын еркін жазбаша түрде өтініш берушінің растауы.

61. Ұшқышсыз ұшу аппараттарын есептен шығару кезінде өтініш беруші уәкілетті үйымға мыналарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшқышсыз ұшу аппаратын есептен шығару туралы өтініш;

2) құрылтайшылық құжаттың (занды тұлғалар үшін) көшірмесі немесе жеке басты куәландыратын құжат (шетелдік жеке тұлғалар үшін).

жеке және занды тұлға Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда құжаттар нотариалды куәландырылған түрде ұсынылады;

3) сату-сатып алу шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі, сот шешімі немесе меншік құқығын растайтын өзге де құжат;

4) жалдау, лизинг, мұліктік жалдау шартының, ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалану құқығын растайтын өзге де құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) ұшқышсыз ұшу аппараттарын есепке алу күлігінің түпнұсқасы.

62. Ұсынылған құжаттар сәйкес болған жағдайда уәкілетті үйым өтініш берушіге осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес ұшқышсыз ұшу аппаратының есептен шығаруы туралы куәлікті береді.

63. Ұшқышсыз ұшу аппаратын есепке алу мынадай жағдайларда бас тартылады, егер:

1) көрсетілетін өтініш берушінің ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

